

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
«Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия
Мектепалды даярлық О-В сынып
Балалардың жасы 5 жас Қожаберген Толқынай Есетқызы
Жоспардың құрылу кезеңі 04 – 08 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 04.09	Сейсенбі 05.09	Сәрсенбі 06.09	Бейсенбі 07.09	Жұма 08.09
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Мектептен кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтыны жайлы әңгімелесу,				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалармен жыл мезгілі, туралы әңгімелесу. Үстел үсті ойыны: «Жылдың қай мезгілі екенін тап». Міндеті : жыл мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін сурет арқылы ажыратып айтады. Әлеуметтік	«Ұшады, жүзеді, жүреді» үстел үсті ойыны: Міндеті Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп – ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады. Коммуникативтік	«Бұл қай кезде болады?» дидактикалық ойыны: Міндеті : Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерекшеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді Коммуникативтік дағдылар	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие	Дидактикалық ойын: «Құстар» Міндеті: қыстап қалатын құстардың аттарын атап, немен қоректенетінін айтады. Коммуникативтік дағдылар

	дағдылар	дағдылар			
Таңғы жаттығу	№ 1 Таңғы жаттығу кешені (қыркүйек айы) (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелерге келісу және т.б. Дидактикалық ойын: «Мұнара » Мақсаты: Заттардың түсі, көлемі, пішінін өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру.				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс- әрекет	1.Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Тақырыбы:	1.Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Тақырыбы: «Заттарды жиынға біріктіру» Ойын: «Анамызға	1.Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. Тақырыбы: Жиын. Бір – көп. Заттарды ортақ қасиеттеріне қарай топтарға біріктіру. Мақсаты: балаларды заттар тобының (жиынның) ортақ белгілерін тауып, заттарды белгілі бір	1.Көркем әдебиет Міндеті: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту Тақырыбы: Білім-бұлағың. Мақсаты: мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білім-бұлағың»	1.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тақырыбы:«Бауырсақ» ертегісі. Мақсаты: Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту ойын еркін жеткізуге

	«Заттарды жиынға біріктіру» Мақсаты: Балаларды заттар тобының / жиынның/ ортақ белгілерін тауып заттарды белгілі бірқасиетіне қарай «Үлкен және кіші» топтарға біріктіре жеке затты тауып көрсете: Бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір және бірнеше» терминдер енгізу дәптерлерде берілген тапсырмалармен жұмыс істеу қабілеттерін арттыру. «Көп және бірнеше» зерттеу ойыны Заттарды көкөніс, жемістер тәтті заттар деп бөлу керектігін айтады.	дастархан жаюға көмектесейік» Сендер мына себетке жемістер жіне көкөністер тәтті тағамдар және \көкөністер және қырыққабат/ Сосын оларды түсіне қарай бөлеміз. Ал,бастайық! - Анамызға себеттегі заттарды шығарып, Оларды топтастыруға көмектесейік,бәріміз бірге орындайық. Тәрбиеші жиынды ішкі жиындарға бөлуге көмектеседі. Көкөністер,жемістер, тәтті тағамдар және қырыққабат. Осылайша жиынға бөле аламыз. Жиын туралы түсінік береміз, тағы да заттарды дәміне қарай материалына қарай жиынға біріктіреміз. \тәтті тоқаштар,тұзды	қасиетіне қарай «үлкен», «кіші» деген топтарға топтарға біріктіре алуға үйрету; бір жеке затты тауып көрсету; бір элементтен тұратын жиын туралы түсінік қалыптастыру; «бір» және «бірнеше» терминдерін енгізу. -Анамызға себеттегі заттарды шығарып, оларды топтастыруға көмектесейік. Бәріміз бірге орындайық. Балалар, сендер қандай ұсыныстар айтар едіңдер? Жиынды ішкі жиындарға бөлуге көмектеседі: көкөністер, жемістер, тәтті тағамдар, қарбыз. -Біздің қолымызда неше жеміс бар? Олар көп па, әлде бірнешеу ме? -Көкөніс, тәтті тағамдар нешеу екен? -Қарбыз туралы не айтуға болады? Қарбыз нешеу екен? Балаларға жаңа	өлеңі оқып үйреніп, сөздердің мағыналарын түсіндіру.Барлық адамдардың ақын да,ғалым да бәрі мектепт ен балабақшадант білім алатыны туралы балаларға айтып беру. -Балалар,бүгін ерекше күн! -Бүгін –Білім күні! -Балалар енді «Білім -бұлағың» өлең жолдарымен танысайық. Сөздік жұмыс: Қиялым самғайды-сөзі өркендеп,өсуі, армандауы. Білімді-кітапты көп оқитын адам. Қанатым талмайды –ерінбей іздену. Билингвальды компонент: білім-знание, Ұстаз-учитель. Сергіту сәті:	баулу,ертегі кейіпкерлерін рольдерге бөліп сахналау,қиялын шыңдау. Бауырсақ ертегісінің қойылымын көрсету арқылы балалардың танымдық белсенділігін арттыру. Балаларды кішіпейілділікке, мейірімділікке өзара сыйласып, достық қарым-қатынаста болуға, бірін-бірі құрметтеп, үлгі тұтуға тәрбиелеу. «Бауырсақ»: -Ал балалар біз көзімізді жұмып,ертегілер еліне саяхатқа шығайық.Үстел үсті конус театры арқылы «Бауырсақ» ертегісін сахнаймыз. Автор: Ерте,ерте ,ерт еде,
--	--	---	---	--	--

Сөз арасында «көп» және «бірнеше» сөздерін қолданады, оларды санына қарай бір–біріне қарама-қарсы қояды. Балалардың алдына берілген дайын шаблондар арқылы тапсырманы орындайды. 2.Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Тақырыбы: Менің үйім. Мақсаты:Сөздік қорды, зейінді, танымдық қызығушылықтарын, байланыстырып сөйлеуді, мәнерлеп айту туралы түсінігін кеңейту. «Үйде кім бар	ащы, қышқыл, темір, ағаш, жібек, шыны/ Музыка аспаптары / баян, гитара, дауылпаз,т.б/ Құрал саймандар:/ ара, балға, қысқыш/ 2.Көркем әдебиет Мііндеті:Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Тақырыбы: Кішкентай бағбан (әңгіме) Мақсаты: әңгімені таныстыруда баланың зейінін аударып, әңгімеге деген қызығушылығын арттыру. Бағбан туралы түсінік беру.Табиғатты сүйуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Сөйлемді жалғастыр» -Мен сөйлемнің	дәптерді қарап шығуға ұсынады. Екі бетке орналасқан сабақ тапсырмаларымен таныстырады. Дәптерді қалай пайдалану керектігін үйретеді. Бірінші шартты белгімен таныстырады (қоршап сыз!) және балаларды тапсырманы шартты белгі бойынша «оқып шығуға» үйрееді. Ұжымдық жұмысты жалғастыру үшін 1-тапсырманы орындауды ұсынады. Балаларға тапсырманы орындауға уақыт береді. Балалардық қолындағы ұсақ бұлшық еттерді дамыту үшін сергіту сәтін өткізеді. Балаларға төменгі жаттығуларды орындауды ұсынады: 1. «Қоян» жұдырығымыз түюлі. Содан соң сұқ саусақ пен ортаңғы саусағымызды	Бала,бала баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызықа, Батамыз да қаламыз. -Сендерді кім оқытады? -Нені үйретеді? Дәптермен жұмыс.Жеке жұмыс. Дидактикалық ойын «Ғажайып қоржын» Шарты. Бірнеше заттардың ішінен оқу құралдырын тауып алу керек. 2.Сауат ашу негіздері Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа	Ешкі жүні бөртеде. Сол бір ғажап өлкеде, Автор: - Бір әже мен ата бол ыпты. Бірде ата әжеге: Шал: - Кемпір-ау, маған бауырсақ пісіріп берсеңші Кемпір: - Неден пісірейін? Ұн жоқ қой Шал: - Әй ,кемпірім-ай ! Қойманың түбін қырнап көрсең ғой бауырсақтық ұн табылып қалар. Автор: Әжей қойма түбін қырып-қырнап екі уыс ұн табады да, қаймаққа шылап, қамыр илеп, бауырсақты майға пісіріп,терезе алдына суытқалы қояды. Жата-жата жалыққан бауырсақ терезе
---	--	---	--	--

(жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. Балалар орындарынан тұрып, бой сергіту жаттығуын өлең сөзіне сәйкес көрсетіп айтады. Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады гүл: -Дұрыс!Дұрыс! Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады қыр: -Ырыс!Ырыс! немесе «Көктем» әні. Жаттығуды жекелей және	басын айтамын ,ал сендер ары қарай жалғастырыңдар. Мысалы:Бағбаншы егін Мен қарындашпен Құс ұшады өйткені ,Мен доппен, Анам бауырсақ, Жаңбыр тоқтады аспанда ..., Мен әжемді, Дидактикалық ойын: «Күзгі табиғат» Шарты: Тақтаға ілінген қысқы ағаш бейнесіне сұраққа жауап бере отырып, жапырақ жабыстыру,құс жабыстыру, ұя ілу,т.б арқылы көктемгі табиғат көрнісін құрастыру. 3.Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.	шығарамыз. «Қоян» құлағын шығарды. 2. «Сақина» - жұдырығымыз түюлі. Басбармақпен сұқ саусақтарыңды бір-біріне қосыңдар. 3. «Саусақтардың сәлемдесуі» - алақанымызды жоғары көтеріп, саусақтарымызды бір-бірімен айқастырамыз. Балаларға 2-тапсырманы орындауды ұсынып, «боя» деген шартты белгімен таныстырады. Тапсырманы жеке орындауға және алмалар мен алмұрттарды белгісіне қарай топтастыруға уақыт береді. Содан соң сұрайды: -Әр топта неше үлкен және кіші алма бар екен?	баулу. Тақырыбы: Менің отбасым Мақсаты:Отбасы туралы түсінік беру. Өзі жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету; үйдегі қауіпсіздік режелерінің негіздерімен таныстыру. Менің отбасым» тақырыбына әңгімелесу Балалар, біздің шаттық шеңберіміз киіз үйге ұқсайды. Жоғарыдағы күмбез шаңырақ деп аталады. Шаңырақ – отбасының белгісі. Әр адам, үлкен болсын, кіші болсын өз үйін жақсы көреді, себебі ол үйде оның отбасы тұрады. Отбасы – дегеніміз бір үйде тұратын адамдар тобы.	алдынан үйдің іргесіне домалап түседі, іргеден көгал үстіне домалайды,көгалда н жылжып жолға жетеді.Одан әрі жолмен зырлай жөнеледі. Бауырсақ жолда зымырап бара жатса , қарсы алдынан қоян шыға келеді. Қоян: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеп қоямын ! Бауырсақ : - Жоқ,сен мені жемеші, мен саған өлең айтып берем, Мен атамнан да қаштым, Мен апамнан да қаштым Сенен де қашып кетемін деп.
---	--	---	--	--

хормен айтады. Балалар ойынды шартына сәйкес орындайды. 3.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету. Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты:Отбасын дағы өзара тату қарым-қатынастың	Тақырыбы:Менің достарым Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. Ойын: «Менің айтуым бойынша». Ойын шарты: Балалар мен бір баланы суреттеп айтамын, сендер сол баланы табуларың қажет (ол кім?) 2 – 3 баланы суреттеп айту. Тәрбиеші: Балалар енді әрі қарай ойынымызды жалғастырамыз. «Айнаға қарашы». Айнаға қарап көңілсіз адамдарды көрсетеміз, енді күліп көңілді, қуанамыз, ойланып	Балаларды сөз арасында: «бірнеше» не «көп», «бір» деген сөздерді қолдануға итермелейміз. 2.Сөйлеуд дамыту Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Тақырыбы:Үй жануарлары Мақсаты: үй жануарлары туралы алған білімдерін бекіту. -Балалар, мына суреттерден не-лерді көріп тұрсыңдар? -Үй жануарларына қандай жануарлар жатады? Білесіңдер ме? -Дұрыс айтасыңдар, бұл жануарларды төрт-түліктер деп те атайды? -Олай болса. қазір ұнтаспадан шыққан дыбыстың қай үй жануарының даусына ұқсайтынын табайықшы.	Отбасы мүшелері: әке, ана ана және олардың балалары. Отбасының болуы – үлкен бақыт. Барлығымыз бірге қайталайық. Отбасы – ол бақыт, Отбасы – ол ата-ана, Отбасы – туыстарымыз, Отбасы – ол шаңырақ. -Әр адамның өз үйі болады. Онда оның отбасы мүшелері тұрады. Олар ата, апа, әке, ана, әпке, аға, іні, қарындас т.б. Суретпен жұмыс. Отбасы бейнеленген суреттен оның мүшелерін айтқызу. «Менің жанұям» саусақ жаттығу (балалар саусақтарын бүге отырып орындайды) Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым-	Автор: - Бауырсақ жалғыз аяқ жолмен келе жатса,оның алдынан қасқыр шыға келіп: Қасқыр: - Бауырсақ! Бауырсақ! Мен сені жеймін Бауырсақ : - Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін Мен атамнан да қаштым, Апамнан да қаштым. Қояннан да қаштым Қасқыр сенен де қашып кетемін-деп Автор: - Бауырсақ орман ішімен домалап келе жатса оған аю шығады.
--	--	---	---	---

маңызын түсініп, отбасы мүшелерімен бірлесе жұмыс жасау. Д/о: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: ойынға қатысушы барлық балалар шеңбер бойымен тұрады. Ортаға жүргізуші шығады. Оның қолына доп ұсынылады. Жүргізуші допты кез келген бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала отбасы мүшесін білдіретін бір сөзді айтып, қайтадан жүргізушіге лақтырады. Мысалы: әже, ата, әке, ана, сіңлі, қарындас, аға.	отырамыз. Жақсы, енді көңіл күйлеріңді алдарыңдағы шарға бейнелеңдер. Ол үшін мына суретке қараңдаршы. Тәрбиеші: Мынау қандай адам? Балалар: Көңілді адам. (Көңілсіз адам) Тәрбиеші: Балалар егер сендерге сабақ ұнаса көңілді адамды, ұнамаса көңілсіз адамды бейнелейсіңдер. Бәрің шарларыңды сол қолдарыңа алып ұстап отырыңдар, оң қолдарыңмен маркермен суретті қатты баспай салыңдар. Енді жұмысқа кірісіңдер, әр баланың қасына барып бағыт беру. Тәрбиеші: Сурет салып болсаңдар - әсем шарларыңды қолдарыңа ұстаңдар. Балалар сендер қандай адамның келбетін салдыңдар. - Балалар кезекпен жауап береді	Барлығымыз тыңдайық. -Қай жануардың дауысы? -Сиыр. Сиырдың төлі, баласы қалай аталады? -Сиыр төрт түліктің бірі.Сүті, еті, терісі бағалы. Сүтінен май, айран, құрт,қаймақ , етінен тағам түрлері, терісінен түрлі бұйымдар жасалады. Жайылымда жайылады. Төлін-бұзау деп атайды. -Мына дауыс қай жануардікі? -Жылқы. Жылқының баласын қалай атайды? -Жылқы салт міну, жүк тасуға, ет пен қымыз өндіру мақсатында өсірілетін төрт түліктің бірі. Өте бағалы. Ата-бабамыз аса құрметпен баптап өсірген. Таза су ішеді, жайылымды талғай біледі. Төлін-құлын, құлыншақ дейді. Жылқының етінен қазы-қарта жасайды. -Қай жануардың дауысы деп ойлайсың? -Қой. Қойдың төлін	әкем, балаң үйрек - апам, ортан терек-ағам, шылдыр шүмек – мен, титтей бөбек сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз! Ойын Кім тез табады? Шарты: текшеде отбасы мүшелерінің суреттері көрсетілген. 3.Қоршаған ортамен танысу Міндеті:Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.	Аю: - Әй ,бауырсақ ! Мен сені жеймін. Бауырсақ: - Сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін. Мен атамнан да қаштым, Апамнан да қаштым. Қояннан да қаштым, Қасқырдан да қаштым. Аю сенен де қашып кетемін-деп Автор: - Осылай бауырсақ әрі қарай домалай жөнеледі.Алдынан түлкі шығады. Түлкі : -Амансың ба, бауырсақ!Мен сені жеймін Бауырсақ.Мені жемеші мен
---	---	--	--	---

	4.Музыка Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Тақырыбы: Білім күні Мақсаты: музыкалық шығарманы тыңдау және эмоциясын ажырата білуге үйрету. Әннің сөзін анық, дұрыс айтуға талпындыру. . Ойын: «Кім дұрыс және шапшаң жинайды?» Ән айту: «Мен мектепке барамын». Ән орындамас бұрын алдымен дауысымызды бір қалыпқа келтіріп	- күліп тұр, көңілді тұр, ашулы. Тәрбиеші: Балалар шарларымызды жоғары ұстап, Күн шуағының айналасына тұрып, тілектерін айтады. - Денің сау болсын!. - Әрдайым күліп жүрейік!. - Әрқашан күн сөнбесін!. - Елімізде тыныштық болсын!. - Досымыз көп болсын!. 4. 4.Музыка Міндеті: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Тақырыбы: «Әніміз бар тамаша!» Мақсаты: балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын	қалай атаймыз? -Қозы. Қой төрт түлік малдың бір түрі. Еті, жүні терісі бағалы. Салмағы 20 кг шамасында. Жүні 3-7 кг-ға дейін болады. Төлі-қозы. 500-600 қойды отар деп атайды. -Мына дауыс қай жануардікі? -Ешкі. Ешкіні де қоймен бірге бағады. Ешкінің төлін лақ деп атайды. Ешкінің жүнінен түрлі киімдер тігеді. -Мынау қай жануардың дауысы? -Түйе. Түйе шөл керуені. 10 күнге дейін су ішпейді. Сүтінен шұбат алынады.Оның емдік қасиеті ерекше. Жүнінің жылуы өте ерекші. Төлі – бота. -Мынау ненің дауысы? -Дұрыс айтасыңдар, иттің. Итті де үйде тіршілік ететін жануарға жатқызуға болады. Ит-адамға дос. Осы үй жануарларын өсіруге, қорғауға иттің көп көмегі бар. -Енді бұларды қалай күтіп-баптаймыз?	Тақырыбы: Тұрмыстық бұйымдар Мақсаты: адам көмекшілері туралы балалардың білімдерін кеңейту, адам өміріне және еңбек етуінде көмекші болатын электр тоғы, тұрмыстық техника туралы білім беру; балалардың назарын заттардың адам үшін қызмет ететедігіне аудару; балалардың зейінін техниканы адам жасап шығарғандығына және адам оны жетік меңгере алатынына, қайта жасай алатынына аударту, осындай құралдарды жасаған үлкендердің еңбегіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. «Мен кімін?» әңгімесін оқу	саған өлең айтып беремін. Мен атамнан қаштым, Апамнан да қаштым. Қояннан да қаштым, Қасқырда н да қаштым. Аюдан да қаштым, Түлкі. Мен сен жемеймін Әнің қандай тамаша.Сен қандай ақылдысын,алғырсың.Орманда саған жалғыз жүруге болмайды.Сен үйге қайт күтіп Автор: Бауырсақ мақтағанға мәз болып үйіне қайтады.Бауырсақтың келгеніне ата мен әже қатты
--	--	--	--	--	---

	алуымыз керек. Ән бастар алдында денені тік ұстап, қолды тізеге қойып, дыбыстың дұрыс шығуына жағдай жасау қажет. Ән жеңіл, көңілді орындалады. Психологиялық жаттығу: шапалақтың соғуын қайтала. Музыкалық аспапта ойнау: Қоңырау. -Қоңырау – сілкіп ойнайтын, ұрмалы музыкалық аспап. - Қоңырау неден жасалады? Қоңыраудың үні қандай? - Қоңырау не үшін қажет?	ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. «Ән салған кім?» муз. дид. ойын. Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Достығымыз жараса, Асыр салып таласа Ойынды тез бастайық, Шартын қатаң сақтайық 1 - 2 - 3. Ойын баста, ұш! Әннің I шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып, шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында –	-Дұрыс, таза су береміз, жем, шөпті уақытылы беріп тұру керек. Қорасы таза, жылы болуы керек. Түрлі ауруларға қарсы тиісті екпелерін жасатып тұру керек. 3.Сауат ашу негіздері Міндеті:Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Тақырыбы:Менің мектебім Мақсаты: сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға жауап беруге үйрету; сурет бойынша ойын тиянақты жеткізе білуге баулу. Балаға өз ойын жүйелі түрде айта білуге үйрету арқылы зейінін дамыту. Балалар шаттық шеңберіне дөңгелене тұрады. Жоғарыда шаңырақ ілінген. Балалар қолдарына түрлі түсті таспаларды (ленталарды) алып, өз	талдау. -Балалар, мына әңгімені тыңдаңдар, бұл әңгімеде жұмбақ жасырылған. Мен кіммін? -Мен көзге көрінбейтін жұмыскермін, бірақ мені әрбір адам біледі. Мен барлығын жасай аламын: түскі тамақ әзірлеймін, шай қайнатамын, киімді үтіктеймін. Менсіз заводтар, фабрикалар жұмыс істей алмайды. Менімен бірге жалықпайсың. Мен ән де, ертегі де, айта аламын. Үйде көшеде мен барлығына көмектесемін, лоар мен тұралы: «Қолы жоқ болса да, он саусағынан өнер тамған» дейді. Мен кіммін? -Әңгімеде кім туралы, не туралы	қуанады.Ертегі бұл ертегі, Ғажап сырлар шертеді деп ертегіміз соңына да жетіпті. 2.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Тақырыбы: «Қайырымдылық» Мақсаты: адам жүріс- тұрысының ерекшеліктерін бағалауға үйретуді жалғастыру, өзге адамға деген мейірімділікті, қамқорлық қатынасты білдіруге ниеттерін ояту. Кіріспе әңгіме. -Балалар, бүгінгі оқу іс- әрекетінде
--	--	---	--	---	--

		«көңілді шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады.	балабақшасына деген ізгі тілектерін айтады. 2. “Кім болам?” дидактикалық ойыны. Ойын шарты: балалардың ішінен «тілші» сайланады. Тілші болып сайланған бала басқа балаларға «Болашақта кім боласын?» деген сұрақты қойып, олардан сұхбат алады. Балалардың қалауы бойынша «тілші» рөлі ауысып отырады. 4.Дене шынықтыру Міндеті: Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; Тақырыбы:Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру Мақсаты: жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. Жүгіру кезінде дұрыс	айтылған? -Бұл қандай сиқыршы, оны ешкім көрмейді, ал ол көптеген пайдалы жұмыстар тақарады. (Бұл сиқыршы - электр тоғы. Ол үйімізге сиқырлы жолдар, сымдар арқылы келеді және барлық электр құралдарына өтеді. - Мен электр станциясында дүниеге келемін және үйлерге, зауыт тарға жер астындағы сымдар арқылы келіп, адамдарға барлық жағдайда көмектесемін. Бірақ маған ұқыпты карау керек, Мені калай қолдануы білмеген жағдайда, мен өмірге өте қауіптімін. - Электр тоғы арқылы іске	Д.Данабековтың «Қайырымдылық» әңгімесін оқып, мазмұнын толық ашып әңгімелейміз. Әңгімені оқып беру. Сергіту сәті Ұзын мұртты құмырсқа Келе жатты жұмысқа. Алды допты қолына, Қойды допты жолына, Оңға қарады, солға қарады, Үлкен тау деп ойлады. Сұрақ- жауап арқылы әңгімелеу. -Әңгіме не жайлы? -Әуеде не ұшып жүрді? -Сәулет жерден нені көрді? Дене шынықтыру
--	--	---	---	--	--

			тыныс алуларын дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалар) «Біз күштіміз!» Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде. 1.Екі қолды алға созып 2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу. 3.Бір қатарға келу. «Біз барлаушымыз!» Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде. 1.Қос қолды жоғары көтеру. 2.Денені бұрып – оңға иілу 3.Денені бұрып – солға иілу. 4.Б.қ. келу «Біз штангашымыз!» Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде. 1. Таяқшаны кеуде	қосылатын электр құралдарын атаңдар Жұмбақ шешу. Балалар, жұмбақты шешіп, жауабын заттық суреттердің ішінен тауып, жинақ полотносына қойыңдар Қыстың қаңтар, ақпанын, Кебежеме сақтадым. (Тоназытқыш) Қызықтырам өзіме, Көрсетемін көзіңе, Сендіремін сөзіме. (Теледидар) Алыстағы апанмен, Оқудағы ағаңмен, Тілдестіріп тұратын, Заттың атын табар ме ең? (Телефон) • Суретте бейнеленген заттарды жалпылама калай атауға? «А қылды заттар»,	Міндеті: тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; Тақырыбы:Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру Мақсаты: жаттығуларды орындау алдында балалардың икемділігін дайындау. Биіктікке көтеріле өрмелеуді үйрету. ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерін дұрыс, тік ұстауларын қадағалау. Жүгіру кезінде дұрыс тыныс алуларын дамыту. Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалар) «Біз күштіміз!» Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.
--	--	--	---	--	---

			тұсына ұстау 2. Таяқшаны жоғары көтеру. 3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу. 4.Б.қ. келу. «Біз ептіміз!» Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады. 1.Қос қол белде. 2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру 3.Б.қ. келу Тыныс алу: 1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту. 2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару. Негізгі қимыл жаттығулары: 1.Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. «Қол	«Тұрмыстық құралдар», «Біздің көмекшілеріміз» - Бұл заттар адамға қалай көмектеседі? - Жұмбақта айтылмаған, бірақ біздің өмірімізге қажетті тағы қандай тұрмыстық құралдарды білесіңдер? (Кофе ұсақтағыш, ноутбук, қысқа толқынды пеш, ет турайтын машина, т.б.) - Розеткадан ток электр құралдарына не арқылы өтеді? (Сым арқылы) -Қане, сымдар ойынын ойнайық. - Мен розетка боламын, ал сендер	1.Екі қолды алға созып 2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу. 3.Бір қатарға келу. «Біз барлаушымыз!» Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде. 1.Қос қолды жоғары көтеру. 2.Денені бұрып – оңға иілу 3.Денені бұрып – солға иілу. 4.Б.қ. келу «Біз штангашымыз!» Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде. 1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау 2. Таяқшаны жоғары көтеру. 3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу. 4.Б.қ. келу. «Біз ептіміз!»
--	--	--	--	---	---

			белде түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру) 2.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. (гимнастикалық баспалдаққа көтеріле өрмелеу) «Өз үйіңді тап!» ойыны: 1.Ойын шартымен таныстыру. 2.Балалармен бірлесе ойна	сым боласыңдар. Балалар бір сызық бойында қол ұстасып, жүрелеп оытырады Сымның бір ұшы - розетка (тәрбиеші), ал екінші ұшы – электр шамы балалар болады -Балалар, сендер үйде жалғыз қалғанда электр тоғымен қалай пайдалануды, қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек? 4.Дене шынықтыру Міндеті: аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; Тақырыбы: «Ойнағанды жақсы көреміз» Мақсаты: Жіптен ұстап шеңбер жасап жүру. Допты қуып жет » ойыны. 3 м жерден	Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады. 1.Қос қол белде. 2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру 3.Б.қ. келу Тыныс алу: 1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту. 2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару. Негізгі қимыл жаттығулары: 1.Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. «Қол белде түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру) 2.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. (гимнастикалық баспалдаққа
--	--	--	--	--	---

				төрттағандап еңбектеу. Жаттығуларды орындау барысында сақтық білдіруге үйрету. Қолданылатын көрнекі құралдар: гүлдер, доптар, себеттер. Жан-жақты дамыту жаттығулары: 1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: «Тербелу» Бастапқы қалыпқа тұрады, аяқ арасы алшақ, қол төменде болады. 1.Қолдарды жоғары көтереді. 2.Екі жанға, оңға тербеледі. 3.Солға тербеледі. 4.Қайтадан бастапқы қалыпқа оралады. 2.Дене	көтеріле өрмелеу) «Өз үйіңді тап!» ойыны: 1.Ойын шартымен таныстыру. 2.Балалармен бірлесе ойна 4.Сурет Міндеті: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Тақырыбы: Менің доптарым. Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. -Доп не үшін қажет? -Допты неден жасайды? -Доппен ойнайтын ойындарды
--	--	--	--	---	---

				бұлшықеттеріне арналған жаттығулар: «Бағыттаушы» Б.қ.:негізгі тұрыс, қол төменде. 1.Қолдағы гүлдерді жоғары көтеру. 2.Алға созу.  3.Б.қ.келу. «Жиырылу-ашылу» Б.қ..аяқ арасы алшақ, қол төменде. 1.Екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу. қолды жанға созу. келу. бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:	атаңдар? -Әр ойынды ойнау үшін өз добы болуы тиіс. 4.Жаңа тақырып: -Бүгін доптардың суретін салуды үйренеміз. -Балалар ойнайтын доптар қандай түсті болады? -Жұмыс ретімен таныстыру: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Біздер тату баламыз, Гүл-гүл жайнап жанамыз. .Дидактикалық ойын:«Түрлі доптар». Шарты:қолдарында
--	--	--	--	--	--

			қай!» ік тұру, қол төменде. қолды кеуде тұсына әкеліп, тізені бүгіп отыру. орында секіріп, гүлді жанға созу. келу. с алу:  мі гүлдің иісі» ағы гүлді иіскейді. ашады қауызын» ағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, иіскеу арқылы жоғары көтеру. гі қимыл жаттығулары: 1. Жіптен ұстап	ғы доптарды сипаттау. -Қағаз бетінде доптың контурын бірден қылқаламмен дөңгелете жүргіземіз. Бояймыз.
--	--	--	---	--


				шеңбер жасап жүреді. 2. 3 метр жерден төрттағандап еңбектеу. ты қуып жет» ойыны: ін шартын түсіндіру. алармен бірлесе ойнау.	
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу				
Серуендеу	Күнді бақылау Мақсаты: Балаларды табиғат құбылыстарымен таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру. Бақылау: Серуен алдыңда балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды. Тәрбиеші күннің	Ағаштарды бақылау Мақсаты: күзгі табиғат құбылыстарымен таныстыру, күзгі ағаштарға назарларын аудару. Күзгі ағаштардың ерекшелігімен таныстыру. Сұрақ – жауап арқылы сөздік қорларын, ой – өрісін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, адамгершілік сезімге тәрбиелеу. Көркем сөз: Ұшты талдан	Аула тазалаушыны бақылау Мақсаты: Балаларға аула тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу. Көркем сөз: Қамымызды ойлайды Тазалайды жинайды Құрметтейміз бәріміз Тазалықшы ағайды Қараңдаршы , жолдарда қаншама	Гүлзарларды бақылау Мақсаты: Гүлдер туралы білімдерін бекіту, гүлдерді ажырата білуге. Олардың өсетіні, қурайтыны туралы түсінік қалыптастыру . Бақылау Күн жылы болып, кун сәулесі көп жылуын шашып және су құйылып тұрғанда гулзарларда өсімдіктер жақсы өсіп, гүлдейді. Күзде күн суып, күн	Маусымдық өзгерістерді бақылау Мақсаты: маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. Жазда күн ыстық, ал күзде таңертең күн салқын болып, түсте ыстық болады. Адамдар қысқа дайындалады. Құстар жылы жаққа ұшады. Тақпақ: Күзде жауын. Бұлт. Тұман Сары жапырақ

ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу. Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды Ішінен жібек шашылды (күннің көзі) Аспандағы алып доп Жарқырайды жарық боп (күн) Көркем сөз: Күз де келді, күз келді Күдерін жаз үзгенді Күз де келді, күз келді Көкте бұлттар	жапырақ Сары көблек секілді Аспанда жай шатырлап Тамшы жерге секірді Тақпақ: Алтын, сары, қызыл, көк, Алуан – алуан жапырақ. Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. Қозғалмалы ойын: «Өз жұбынды тап» Мақсаты: Балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша мәтіннің сөзіне сай қимыл қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту Алаңдағы еңбек: «Кім көп жапырақ жинады?»	жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды? - Аула тазалаушы қандай еңбек етеді. - Ол кісінің қолында қандай құралдары бар? - Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе? - Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек? Мақсаты: қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу. Қимыл – қозғалыс ойын: «Жапалақ» Мақсаты: Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және	қысқарып, жер дымқыл тартып, бірақ жылу аз болып гүлдер солып, олардың орнына ұрықтар пайда болады, ол ұрықтардан көктемде жаңа өсімдік шығады. Тақпақ: Гүл өсірем үйде Су құямын күнде Гүл күткенді біледі Бойын сылап сүйеді Күнде гүлін ашады Жұпарын маған шашады Ө.Тұрманжанов Қимыл – қозғалыс ойын «Мысық пен торғайлар». Мақсаты: жүруге, жүгіруге, шапшаңдыққа үйрету, Еңбек алаңында жұмыс істеу : Гүл ұрықтарын сіріңке қорапшасына	жауады. Сары құйын ұйтқыған Сапырады ауаны Тапталады табанға Судыр- судыр жапырақ Өрттей сары бояуға Малынғандай атырап. М. Әлімбаев Қозғалмалы ойын: «Ұшақтар». Мақсаты: Шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу. Алаңдағы еңбек: құстарға жемсалғыш жасау.
---	--	--	--	--

	жүзді енді. Күз де келді, күз келді Құстар мекен іздеді. Қ. Мырзалиев Қимылды ойын: «Қоңыздар» Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту.		мұқият тыңдай білуді үйретеді. Еңбек алаңында жұмыс істеу: қоқыстарды белгіленге орынға жинау.	жинау.	
Балалардың дербес әрекеті	Үй жануарларын танып, олардың дауыстарына еліктеуді үйрету (Қоршаған ортамен таныстыру) Саусақпен бояу тәсілі арқылы жануарлардың суреттерін бояу, түстеріне назар аудару (Сурет салу) Бес саусаққа киілетін театр әлемімен таныстыру, әр баланың саусағына кигізіп, саусақ театры	Үй жануары мысық, ит қалай дыбыстайды даусынан тану дыбысты қайталауды дамыту (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету	Мүсіндеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру (Мүсіндеу) Көлеңке театрымен таныстыру, көлеңке театрының кейіпкерлерінен ата, апа бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйрету (Көлеңке театры) Құм терапиясы Құм терапиясымен таныстыру, құммен ойнаудың алғашқы	Қуыршақ театрының кейіпкерлерінен ата, апа, ана, әке бейнесін танып атау, сәлемдесу, қоштасу сөздерін айтуды үйретуді пысықтау (Көркем әдебиет) ойыншықтармен ойынойнауын жетілдіру (Құрылыс ойындары)	Мектеп ауласындағы табиғат бұрышын тамашалатуды үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Үстел үсті театры Үстел үсті театрымен таныстыруды жалғастыру, кейіпкер аттарын қайталату.

	туралы түсінік қалыптастыру (Саусақ театры)		техникасын үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастыруды үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.				

Тексеріл,



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
«Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия

Мектепалды даярлық О-В сынып

Балалардың жасы 5 жас Қожаберген Толқынай Есетқызы

Жоспардың құрылу кезеңі 11 - 15 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 11.09	Сейсенбі 12.09	Сәрсенбі 13.09	Бейсенбі 14.09	Жұма 15.09
Балаларды қабылдау	Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді,күй күмбірі (Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес, әңгімелесу	Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу «Бағдаршам» мобильді ойыны(Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз,	Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен	«Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану,	Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін	Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы», «Ұ»

	барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады)	балаларды қала бойына апарады. (Автобус)	командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.	арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б	дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)
Таңғы жаттығу	№ 1 Таңғы жаттығу кешені (қыркүйек айы) (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Кітаптардан балалардың сұранысы бойынша ертегі, тақпақтар, әңгімелер оқып беру. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, балалардың мазмұндауын үйрету. (Көркем әдебиет) Кітаптарды санау, беттестіру арқылы биіктігі бойынша, қалыңдығы бойынша салыстыру. (Математика негіздері)				

Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс- әрекет	1.Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. «Біреу және көп» дидактикалық ойыны № 1 Мақсаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты				
--	--	--	--	--	--

	жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді 2.Қазақ тілі Міндеті: Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. «Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Ойын шарты: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған				
--	---	--	--	--	--

	жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту. • Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.) • Қалай еркелетеміз ? (ботақан, қошақан.) • Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.) Мен өлең оқимын, сендер қандай төлдер екенін айтып, қимыл іс-әрекет арқылы көрсетесіңдер. Шөре, шөре лағым, Тентек болма шырағым. Секеңдемей деміңді ал, Селтеңдеме құлағың,- деп нені				
--	---	--	--	--	--

	атаймыз?- Лақты. Қара көзің мөлдіреп, Қызықтырмай қоймайды. Жібек жүнің үлбіреп, Қарасам көз тоймайды.- Бұл не?- Бота. Әукім- әукім, әукешім, Қасиыншы әукешін. Енең әне келеді, Ақ мамасын береді.- Бұл не?- бұзауым. Қырау-қырау құндызым, Құлдырайды шабады. Жылтыңдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады.- Бұл не?- құлыншақ. Балалар әжелерің, аталарың еркелеткенде				
--	--	--	--	--	--

	қандай сөздер айтады?- құлыншағым, қошақаным, ботақаным т.б. 3.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. «Жыл мезгілдері» Мақсаты: Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен				
--	---	--	--	--	--

	карточкалары. Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққалат. б.) (Экологиялық тәрбие) 4.Музыка Міндеті: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.. «Төрт түліктің төлін шақыру»				
--	--	--	--	--	--

	ойыны. Ойынның мақсаты: Бұл ойын арқылы балалар төрт түлік малтуралы, олардың төлдері және қасиеті жөнінде естіп,біледі.. Ойынның шарты: Ойын жүргізуші: — Қане балалар, дауыстап төрт түлік малды төлін емізуге,бәріміз бірдей дауыстап шақырайық. Ойынды көрнекіліктер пайдалана отырып, өткізуге болады. Мысалы: Биені құраулап, Түйені көс-көстеп, Сиырды аухаулап, Ешкіні шөрелеп, Шақырып аламыз, Сауамыз, бағамыз. Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс				
--	--	--	--	--	--

	тазалығына, сөздерді анық айтуға көңіл бөлеміз.	1.Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. «Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны № 2 Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін			
--	--	---	--	--	--

		айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру. 2.Көркем әдебиет Міндеті:Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту. Дидактикалық ойын «Интервью» Мақсаты: Балаларды "Менің қалам" атты байланыстыра сөйлем құруға үйрету". Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сенімділікке, құрбыларымен сырласуға тәрбиелеу. Шарты: Тәрбиеші газет корреспонденті			
--	--	--	--	--	--

болып балаларға
микрофонды
ұсынып, "Менің
қалам" қандай деп
әңгімеге
тартады. (кейін газет
корреспондентінің ро
лін бала да
атқараалады).

3.Қазақ тілі

Міндеті: Ауызекі
сөйлеуді қарым-
қатынас құралы
ретінде дамыту.

«Кім тез жинайды.»

Ойын мақсаты:
Көкөністер мен
жемістерді ажырата
білуге үйрету.
Ойынға деген
қызығушылықтарын
арттыру.

Ойын
шарты: Тәрбиеші
балаларға ойын
шартын түсіндіреді.
Себеттің сыртында
алма мен қиярдың
суреті
жапсырылады.
Алманың суреті бар
себетке жемістер, ал
қиярдың суреті бар
себетке көкөністер
салынады.

Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

4. Музыка

Міндеті: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.

«Жұбыңды тап»

Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды.

Ойынның шарты: Балалар зал ішінде

		кең, еркін, белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап, музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. Жеке қауіпсіздік сабағы Тақырыбы: Төтененің қызметкердің телефон нөмелері	1. Математика негіздері Міндеті: Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру. «Біреуі артық» дидактикалық ойын № 5 Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. Мазмұны. 1-нұсқа. Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады. 2-нұсқа. Барлық балаларға карточка үлестіріледі (карточкалар қайталанбайды).	
--	--	---	---	--

		Барлық балалар өз карточкасы бойынша жауап береді. Бір партада отырған екі бала бірдей дұрыс жауап қайтарса, олар жұлдыз алады. Қай партада жұлдыз көп болса, солар жеңеді. 3-нұсқа. Балалар өз бетімен партада жұмыс істейді. Жауаптың орнына балалар жай қарындашпен бір зат бейнеленген суретті айналдырып сызады. Кім тез бітсе, сол балаға тағы бір карточка беріледі. Екі немесе үш карточкаға жауап берген балалар жеңімпаз деп саналады 2.Сөйлеуд дамыту Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Дидактикалық ойын «Шыңжырға ертегілерді жинайық» Мақсаты: Ауызекі		
--	--	---	--	--

			сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты:Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады. Мысалы:"Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан "). Ертегіні үш сөзден тауып ал: 1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтаңыз бен мысық") 2) Ешкі, лақтарым, шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ") 3.Сауат ашу негіздері Міндеті:Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік		
--	--	--	---	--	--

			қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу «Алма ағашы» Мақсаты: Р, Л, Ш дыбыстарын дифференциялау. Дыбыстарды бір - бірінен ажыратуға үйрету. Р, Л, Ш дыбыстарын сөзде бекіту. Шарты: себеттегі алмада бейнеленген суретті атап Р, Л, Ш, С дыбыстарын бір - бірінен ажыратып, алма ағаштарын алмаға толтыру.. 4.Дене шынықтыру Міндеті: белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру,қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып,әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; Ұшқыштар Мақсаты:балаларды бір-біріне соғылмай жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету; кеңістікті дұрыс бағдарлауларын дамыту. шарты:Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Олар		
--	--	--	--	--	--

			бірінің сонынан бірі қолбасшының артында тұрады. Түрлі-түсті жалаушалармен белгіленген алаңдарда топтар орналасқан. Бұл- әуежай. «Ұшқыштар ұшуға дайындалыңдар» - деген тәрбиешінің белгісімен балалар әртүрлі бағытта жүгіреді, өз ұшағының қасында тоқтайды, жанармай құйып алады /еңкейеді/, моторды айландырады / қолдарымен кеуденің тұсында айландырады/, қанаттарын жан-жаққа созады, ұшады / әртүрлі бағытта жан-жаққа жүгіреді/. Ұшақтар тәрбиеші «қоныңдар», - деген белгі бергенше ауада ұшып жүреді. Бұдан кейін қолбасшы топтарын жинап әуежайға қонуға әкеледі. Қай топ бірінші келеді, сол жеңеді. Ойын 4-5 рет қайталанады. Ұсыныс:ойында әртүрлі құралдарды		
--	--	--	--	--	--

			пайдалануға болады. Әуежайды белгілеп қойған жалаушаларды тәрбиеші білдірмей ауыстырып қояды. Қолбасшының топтарын әуежайға дұрыс орналастыруы қажет.	1.Көркем әдебиет Міндеті: Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту «Кім көп айтады?» Мақсаты: Ойлау тындау қабілеттерін дамыта отыра, ауызекі сөйлеулерін жетілдіру. Шарты: ертегіге байланыстырып сұрақтар қойылады. • Қыздардыңа тыкім?» • Олар не істеді? • Өрікағашын кімсындырды ? • Гүлмира мен Арайқандайіс жасады? 2.Сауат ашу негіздері	
--	--	--	--	--	--

				Міндеті: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Дидактикалық ойын «Болады болмайды» Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыта отыра сөздік қорын молайту. (балалар шеңберде тұрады) Балалар мен сеңдерге қала көшелеріңде не істеуге болады, болмайтының туралы сұрақтар қоямын. Балалар жауаптарың қолындағы жалаушамен көтеріп жауап береді. Көшені бағдаршамның қызыл көзі жанғанда?	
--	--	--	--	--	--

				Гүлзардағы гүлдерді жұлуға? Гүлзардағы өсіп тұрған гүлге сүйсініп қарау. Ағаш пен гүл отырғызу? Кәмпіттің қағазын жерге тастау? Жаяу жүргінші жолмен бағдаршамның жасыл көзі жанғанда өтуге? Қоғамдық орындарында бақырып, шулауға? Адамдармен әдепті түрде әңгімелесу? 3.Қоршаған ортамен танысу Міндеті: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды	
--	--	--	--	--	--

				көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту. Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер(көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын. Ойын шарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан - жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр - түсін ажыратады. Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды,	
--	--	--	--	---	--

				атын айтады. 4.Дене шынықтыру Міндеті: ересектің белгісімен тоқтап,қозғалыс бағытын өзгертіп,шашырап жүру; . Аюдың апанында Мақсаты:балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру дағдыларын дамыту. шарты:Бір жақта аюдың апаны болады. Екінші жақта балалар тұратын үй болады.Тәрбиеші аюды балалардың ішінен біреуін тағайындайды.Тәрбиеші: «Балалар қыдырып келіңдер»,- дегенде балалар үйлерінен шығып, саңырауқұлақ теріп, көбелек	
--	--	--	--	--	--

				ұстап,орман қыдырады / еңкееді, түзеледі, басқа қозғалыс жасайды/. Олар дауыстап айтады: -Біз аюдың қасында Жеміс- жидек тереміз, Аю ұйықтамайды, Аю ырылдайды. «Ырылдайды»,- деген сөзден кейін аю үйлеріне қашып бара жатқан балаларды ұстай бастайды. Аюдың қолы тиген балалар акюдың апанында қалады. Бірнеше рет ұсталғаннан кейін аюдың рөліне басқа бала тағайындалады. Ойын 3-4 рет қайталанады. Ұсыныс: Ойынның басқа нұсқасы болуы мүмкін- екі аюмен ойнауға болады.	1.Сөйлеуді дамыту Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Кімнің сөздері". Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты: Балаларға ертегі кейіпкердің сөзіне қарай, қандай кейіпкер және қандай ертегі туралы тауып айту керек. Мысалы:Бұл сөздерді қай ертегінің кейіпкері айтады: "Бер менің құйрығымды" (Мысық "Мақтақыз бен мысық" ертегісінен) "Мен атаданқаштым,
--	--	--	--	--	--

					мен әжеденқаштым " (Бауырсақ "Бауырсақ" ертегісінен) "Бүркітқонаққашақ ырыпеді, уақытымжоқ" (Көкек "Қарлығаш пен дәуіт"ертегісінен) 2.Сауат ашу негіздері Міндеттері: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Дидактикалық ойын: «Ағашты тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ағаштардың атауын анық айтуға үйрету. Құралдар: Шырша, қайың, емен, терек
--	--	--	--	--	---

					Шарты: Үстел үстіне төрт өсімдіктердің шырша, қайың, емен, терек, олардың жапырақтарының суреттерін қояды. Жапырақтарына қарай ағаш түрін тауып алу керек. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. Құралдар: Таспаға жазылған құстардың дауыстары (торғай, сауысқан, тоқылдақ, көгершін,) Шарты: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды.
--	--	--	--	--	--

					3.Дене шынықтыру Міндеті: заттардың,кегельде рдің арасымен, жіптерден аттап жүру; Ұялардағы балапан құстар Алаңның немесе бөлменің әр шетінде 3-4 ұя жасалады. Құстар ұяларға орналасады. Тәрбиеші белгісі бойынша олар ұяларынан ұшып шығады да (кедергілерден аттап өтеді) алаңда ұшып жүреді. Тәрбиеші алаңның біресе ана жағында, біресе мына жағында құстар жем беріп тұрады: балалар жүресінен отырып, саусақтарының ұшымен тізесіін соғады (дән шоқып жеген болады). Бұдан кейін олар тағы аздап жүгіріп, ойнап жүреді, одан соң тәрбиеші: «
--	--	--	--	--	--

					Балапан құстар, ұяларыңа барыңдар», - дейді. Балалар, жүгіріп тағы да кедергілерден өтіп өздерінің ұяларына отырады. Ойын 4-5 рет қайталанады. Қайталанған кезде жаңа қимылдар қосуға болады. Мысалы, шеңберден шығарда алдымен екі аяғымен секіріп өтіп, одан кейін ұшуды ұсынуға болады. 4. Жапсыру Міндеті: Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Дидактикалық ойын: Өрнектерді кім тез анықтайды? Тәрбиеші: Біздің ұлттық киім-
--	--	--	--	--	---

					кешектер басқа ұлттар сияқты өз ою - өрнектерімен көзге түседі. Қазақтың ұлттық киімдер топтамасынан тұратын сән үлгілерін көрсетейік. Балалар музыка әуенімен ұлттық сән үлгілерін көрсетеді.
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу				

Серуендеу	Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылайды. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы айтылады. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстырады, күздегі өзгерістерді айтады. Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмды күрекшемен жинайды. Еркін ойындар: «Ұшты – ұшты» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Жаппай бақылау)	Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылайды. Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айтады, түстерін айтады. Еңбек: Участкедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинайды. Еркін ойын: «Жапырақ жинау» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Жаппай бақылау)	Бақылау: «Күзгі саябаққа серуен» Мақсаты: Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында әңгіме қозғалады. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл бөлдіріп бақыланады. Еңбек: Саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинайды. . Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық», «Аққу-қаздар» Мақсаты:Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері	Бақылау: «Тұманды бақылау» Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атайды. Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылайды. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстырады. Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырады. Еркін ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйренеді. Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйренеді. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері. (Тікелей бақылау)	«Құстарды бақылау» Мақсаты: Балалар құстарды бақылайды. Олардың аттарын атайды, дауыстарын тыңдайды. Олардың топ болып ұшуына назар аударады. Еңбек: Құстарға жем салатын тақтай жасайды. Еркін ойындар: «Қайтқан құстар» «Құстар мен мысық» Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері (Тікелей, жаппай бақылау)
-----------	--	---	--	---	--

Балалардың дербес әрекеті	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі, түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін қайталап пысықтау (Мүсіндеу) фламастерлер беріп осындай жемістердің суретін салуға болады деп көрсетіп үйрету (сурет салу) Саусақ театры «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру.	Кітаптар қарап ата апа, ана әке, аға, әпке сөздерін айтуын пысықтау. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Қуыршақ театры «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. Сазбалшық Сазбалшықпен ойындар	Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі, түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін үйретуді жалғастыру. (Мүсіндеу) Көлеңке театры «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. Құм терапиясы Түрлі-түсті құмдармен еркін ойнау.	Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. (Қоршаған ортамен таныстыру) Жаңбырдың суреттерін көрсету. Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып, жаңбыр тамшыларын салдырту. (Сурет салу) Қуыршақ театры «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. Құрылыс ойындары Конструкторлармен ойындар	Балаларға мысықты көрсетеді ол далада жүріп табаны лас бопты енді еденде жүргенде және қағазға аяғын басқанда іздері қалыпты деп қағаз бетіндегі іздермен таныстыру. Сосын сұқ саусақпен дақтар түсіру арқылы мысықтың ізін қағаз бетіне салуды үйрету Бояуды дұрыс пайдалануға жаттықтыру. (Сурет салу) Үстел үсті театры «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. Саусақ ойындары Дидактикалық ойындармен еркі ойындар
Балалармен жеке жұмыс	«Қоржынды сәңдейміз» Мақсаты: Қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс- әрекет, бейнелеу іс-әрекеті				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп				

Тексерілді



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
«Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия

Мектепалды даярлық О-В сынып

Балалардың жасы 5 жас Қожаберген Толқынай Есетқызы

Жоспардың құрылу кезеңі 18 - 22 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 18.09	Сейсенбі 19.09	Сәрсенбі 20.09	Бейсенбі 21.09	Жұма 22.09
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	Еркін ойын: «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	Пж ойын: «Қайтала» Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.	Пж ойын: «Ойыншықты тап» Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	Еркін ойын: «Сенде не бар?» Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Таңғы жаттығу	№ 2 Таңғы жаттығу кешені (қыркүйек айы)				

Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Ана мен әжеге көмектесу туралы әңгімелесу				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс- әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. «Қатты-ақырын-сыбырлап» Мақсаты: Балаларға қатты,сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету. Ойын барысы: Ойынға 3-5 бала қатысады: тәрбиеші балаларға бір сөзді айтады: оны балалар қатты дауыспен,ақырын дауыспен және сыбырлап айтуы керек 2.Сауат ашу Міндеттері:	1.Сауат ашу Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. . «Кім тез жинайды.» Ойын мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар	1.Матем негіздері Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Біреуі артық» дидактикалық ойын № 5 Мақсаты: «Біреу – көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. Мазмұны. 1-нұсқа. Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады.	1.Математика негіздері Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Аңдарды қоректендір» дидактикалық ойын №8 Мақсаты: 1 саны, және цифр туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. Мазмұны. Тақтада аңдардың суреті ілінген, ал тамақтың суреті тәрбиеші үстеліне қойылған. - Марат, қалай ойлайсың, бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына	1.Математика негіздері Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. «Дауыстап санау» дидактикалық ойыны № 21 Ойынның мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету. 1-нұсқа. Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші 2-3 баладан қанша рет соғылғанын сұрайды, балалар тақтаға цифрымен көрсетеді. Егер жауаптар әртүрлі болса, тағы да соғып, қайта

	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Ойын: «Үй жануарлары» Ойын мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Ойын шарты: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту. Балалар	себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады. 2. Көркем әдебиет Міндеттері: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету.	2. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. «Аттар тұяқтарымен тарсылдатады» Мақсаты: Балалардың артикуляциялық аппаратын дамыту. Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «р» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. Көрнекіліктер: Аттар суреті және ойыншығы. Ойын барысы: Тәрбиеші « аттар жолда жүргенде тұяқтарымен тарсылдатады» (тілмен таңдайын қағып көрсетеді) балаларға да тілдерімен таңдайларын тақылдатып қағуды ұсынады. Балалар тілдерімен таңдайларын қағып дәл аттардың жүргенде тұяқтарымен	неше банан бердің? Осы цифрды ата және көрсет. Басқа аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі. - Ал аю нені жақсы көреді? Әрине, балды. - Жолақтары бар карточканы алыңдар. Солдан оңға қарай жоғарғы жолақты, содан кейін төменгі жолақты саусақтарыңмен жүргізіңдер. - Енді жоғарғы жолақтың сол жағына бір аюды қой. Тәрбиеші бірнеше баладан неше аюдан қойғандарын сұрайды. - Төменгі жолаққа сол жақтан оңға қарай балы бар көп бөшкелерді қойыңдар (фишкалар).	санатады. 2. Қазақ тілі Міндеттері: Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. «Жаңылтпаштар» Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: жаңылтпаштар Ойын барысы: тәрбиеші балаларға жаңылтпаштарды айтады. Балалар оны дұрыс әрі жылдам қайталап айтуы керек. 3. Қоршаған ортаны тану
--	---	---	--	--	--

	малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.) - Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) - Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.) 3.Мүсіндеу Міндеттері: Заттық мүсіндеу.  Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету.	«Қандай ертегінің суреті?» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты: Ертегілердің суреттері көрсетіледі, балалар суреттерге қарап қандай ертегігі келетінің тауып айту керек. "Мақтаңыз бен мысық" "Алма"В. Сутеев "Қолғап" 3.Қоршаған ортаны тану Міндеттері: Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. 1. Дидактикалық ойын «Не қайда өседі» Мақсаты:Балаларды	тарсылдатып жүргенін салады « аттар тұяқтарымен тарсылдатады» 3. Сауат ашу Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дидактикалық ойын: «Артығын тап.» Ойын мақсаты: Тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту. Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. Ойын шарты: Балалардың алдына аңдардың суреті бар конверт таратылады.Балалар суретті алып ненің артық екенін ажыратып табулары	Тәрбиеші бірнеше баладан жекелей сұрайды: - Қонжықтар нешеу? 2.Қазақ тілі Міндеттері: Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту. .«Шар жарылды» Мақсаты: Дыбыстық жаттығу жасау арқылы «ш» дыбысын анық айтуға жаттықтыру. Ойын барысы: балалар бір-бірінің қолынан ұстап, жақын-жақын дөңгелене тұрады. Тәрбиешіге қосылып олар мына өлеңді айтады:	Міндеттері: Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата» Мақсаты:Қасиетіне қарай:қар мен жаңбырды ажырата білу,табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту,қатты,жұмсақ,ериді,буға айналады. Көрнекіліктер:қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың
--	--	--	---	---	---


	4.Дене шынықтыру Міндеттері: Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту. Ойын:«Ұшақтар» Мақсаты: Балаларды шапшаңдылыққа, епілікке үйретіп, ойынға деген қызығушылығын арттыру. Ойынның барысы: балалар алаңның әр жерінде 3-4 жалаушалармен белгіленген колоннамен тұрады. Ойнаушылар ұшқыштарды бейнелейді. Олар ұшуға әзірленеді. Тәрбиешінің: «Ұшуға әзірленіңдер!» деген сигналы	ң өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту,өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Көрнекіліктер:бақ пен бақшаның,жеміс пен көкөністердің суреті. Ойын шарты:бақ пен бақша салынған 4.Дене шынықтыру Міндеттері: Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту. Ойын:«Өз түсінді тап» Мақсаты: Балаларды	керек. 4.Дене шынықтыру Міндеттері: Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелеңдеп, кедергілерден өту. Ойын: «Күн шұғыласы» Мақсатты: Балаларды шапшаңдылыққа, ептілікке, ұқыптылыққа үйретіп, ойынға деген қызығушылығын арттыру Ойынның барысы: Бұл ойынға балалар түгелдей барлығы қатысады. Педагог өзінің жанына бір топ балаларды жинап, айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғасын түсіреді де: Қабырғанда елбеңдеп, Ойнайды сәуле құбылып. Ымдасаң болды сен «кел» деп,	Көпіре гөр көбік шар, Көпіре бер кеңіп-шар. Осы күйі қал тұрып, Кете көрме жарылып. Өленді айтып бара жатып балалар дөңгелек шеңберді кеңейте түседі. Тәрбиеші «шар жарылды» деген кезде барлық балалар қолдарын төмен түсіріп, бір дауыспен: «ш-ш-ш»-дейді тізерлеп отыра кетеді. 3.Көркем әдебиет Міндеттері: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең)	қасиеттерін айтып берулері керек. 4.Музыка Міндеттері: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. «Менің балапандарым қайда» (дыбыстық жоғары есту қабілетін дамыту мен бағдарлама материалын бекітуге арналған) Ойын материалы: Төрт үлкен карточка мен бірнеше кішкене карточкалар (ойыншылар саны бойынша). Үлкен карточкаларға қаздың, үйректің, тауықтың, құстың суреттері салынған; кішкентайларына қаздың, үйректің тауықтың, құстың ұядағы
--	--	--	--	---	--

	бойынша балалар қолдарымен қимыл жасап, моторды іске қосқан болады. Педагог: «Ұшыңдар», - дейді. Балалар қолдарын екі жаққа жазып, алаңда жан-жаққа бытырып, ұшып жүреді. Тәрбиешінің: «отырыңдар» деген белгісі бойынша ұшақтар өз орындарын тауып, жерге қонады: балалар колоннаға тұрып, бір тізерлеп отырады. Тәрбиеші қай колоннаның тез сапқа тұрғанын атап өтеді. Алғашқы кезде колоннаның бастаушысы етіп екпіндірек балаларды белгілеу керек. Балалардың жеңілірек жүгіруіне назар	шапшаңдылыққа, ептілікке, тапқырлыққа баулу. Ойынның барысы: Балалар үш-төрт жалауша алады бірі жасыл, екіншісі көк, үшіншісі сары, 4-5 адамнанбөлменін бұрыштарында топтасады. Әр түрлі жалаушалар (жасыл, көк, сары) қояды. «Өз түсіңді тап», деген жаңа сигналды бойынша балалар өздеріне лайықты түстегі жалаушаға қарай жүгіреді.	Жетеді демде жүгіріп. Сәл үзіліс жасайды да: «Сәулені ұстаңдар» деген сигнал береді. Балалар қабырғаға жүгіріп, қолға тұрмай жалтаңдап тұрған күн сәулесін ұстауға тырысады.	ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын «Интервью» Мақсаты: Балаларды "Менің қалам" атты байланыстыра сөйлем құруға үйрету". Туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, сенімділікке, құрбыларымен сырласуға тәрбиелеу. Шарты: Тәрбиеші газет корреспонденті болып балаларға микрофонды ұсынып, "Менің қалам" қандай деп әңгімеге тартады. (кейін газет корреспондентініңр олін бала да атқараалады). 4.Музыка Міндеттері: Ән айтуда дауыспен	балапандары салынған. Ойын барысы: Балалар музыкалық жетекшіге қарама – қарсы жартылай шеңбер жасап отырады, әрқайсының қолында бір – біреуден кішкентай карточка бар.
--	--	---	---	---	---

	аударған дұрыс.			вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. «Үш гүл - үш түрлі көңіл күй» ойыны Ойынның мақсаты: Көңілді, сабырлы, мұңды музыкалық шығармаларды ажырата білуге үйрету. Есту қабілеттерін дамыту, тапқырлыққа баулу. Ойынның шарты: Әр балаға үш гүлдің суреті бейнеленген карточкалар беріледі. Гүлдерде күлімсіреген, жылап тұрған және сабырлы адамның кейпі бейнеленген. Балалар шығарманы тыңдап, көңіл күйін анықтап, сәйкес карточканы көрсетеді.	
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу				

Серуендеу	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау.	Серуендеу	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау.	Серуендеу	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау.
Балалардың дербес әрекеті	«Төрт жақты лото» Мақсаты: 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, сандар. Ойынның барысы: Бала аталған санды сурет арқылы, саусақпен санау арқылы көрсетіп, санның неше бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге құрастырады.				
Балалармен жеке жұмыс	«Ойыншықтар» өлеңін тыңдап, «ойыншықтар» сөзін дұрыс айтуға, «ойыншықтар» туралы әңгіме құрастыруға үйрету.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.				

Тексерілді:



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
«Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
«Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
(білім беру ұйымының атауы)

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Б.К.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназия

Мектепалды даярлық О-В сынып

Балалардың жасы 5 жас Қожаберген Толқынай Есетқызы

Жоспардың құрылу кезеңі 25 - 29 қыркүйек 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 25.09	Сейсенбі 26.09	Сәрсенбі 27.09	Бейсенбі 28.09	Жұма 29.09
Балаларды қабылдау	Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнел еу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Пж ойын: «Вагондарға дөңгелек таңдау» Шарты: суреттердегі вагондарға түсіне қарай дөңгелек таңдайды.	Еркін ойын: «Шкафқа жасыру» Шарты: Шкафқа бір бала ойыншық жасырады, қалған балалар табады.	Пж ойын: «Қайтала» Шарты: Педагогтың артынан пішіндерді сіріңке шиімен қайталайды.	Пж ойын: «Ойыншықты тап» Шарты: Жасырылған ойыншықты табады.	Еркін ойын: «Сенде не бар?» Шарты: Қалаған ойыншықтарымен бір-бірімен бөлісіп ойнайды.
Таңғы жаттығу	№ 2 Таңғы жаттығу кешені (қыркүйек айы)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Пікір алмасу сұрақтары: Өзіңнің мектебіңнің ауласында қандай өсімдіктер өседі?				
Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Сөз айт, тез айт» Ойын шарты: доппен орындалады. Балалар бір-біріне доп лақтырып, «Ә» дыбысынан басталатын сөздерді айтады. Педагог балаларға саусақ бұлшық еттерін дамыту жаттығуын жасатады. Басбармағым бастап берді, Саусақтарым ән сап берді, Шылдыр шүмек шылдырлады, Кіші бөбек былдырлады. 2.Сауат ашу Міндеттері:	1.Сауат ашу Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?» Мақсаты: сөздік қорын толықтыра отыра, шапшаңдылыққа баулу. Шарты: сұрақтар қойылып балалар жауап береді. «Күзгі» деп нені айтуға болады? Күзді неге жомарт күз деп айтады? Күзде егістікті жинайды деп түсіндіріп суретін көрсетеді Күзде нелер ұшып кетеді? Күзде неге ағаштарда жапырақтар азаяды? Күзде не жиі болады? Күзде жие жауын -	1.Матем негіздері Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Дидактикалық ойыны. № 9 «Цирктің әртістері» <u>Мақсаты:</u>балалардың 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту. Мазмұны. 1-нұсқа. Ковралан тақтада жануарлар бейнеленген суреттер әр жерге орналасқан. Тәрбиеші бүгін циркте тек мұнда 2-ден ғана бар әртістер өнер көрсететінін айтады. Балалар суретті таңдап, оларды бөлек қойып санайды, көрсетеді, цифрды атайды. 2-нұсқа. 1-нұсқада	1.Математика негіздері Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. Дидактикалық ойыны № 10 «Жыл атасы» <u>Мақсаты:</u> Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі? Тәрбиеші қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір	1.Математика негіздері Міндеттері: Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру Дидактикалық ойын №7 «Аңдарды қоректендір» <u>Мақсаты:</u> 4 саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. Мазмұны. Тақтада аңдардың суреті ілінген, ал тамақтың суреті тәрбиеші үстеліне қойылған. - Марат, қалай ойлайсың, бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына неше банан бердің?

	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дидактикалық ойын: «Төлін тауып бер» Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдерінің ажыратуға үйрету. Құралдар: Үй жануарлары мен төлдерінің кесінкі лото карточкалары. Шарты: Әр баланың алдында үй жануарлардың суреті жатады. Үстелдің ортасында үй жануарларының төлдері. Тапсырма: Жануарлар (балалармен бірге атап шығады) күнде жайлауға, өріске шағады, төлдері үйде (қорада) қалады. Төлдері ойнап жүргенде шатасып кетті. Төлдерді енелеріне тауып қою керек. Жауабын түсіндіреді.	шашын болады деп суреттерді көрсетіп түсіндіреді Дидактикалық ойын: «Ағашты тап» Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ағаштардың атауын анық айтуға үйрету. Құралдар: Шырша, қайың, емен, терек Шарты: Үстел үстіне төрт өсімдіктердің шырша, қайың, емен, терек, олардың жапырақтарының суреттерін қояды. Жапырақтарына қарай ағаш түрін тауып алу керек. 2.Көркем әдебиет Міндеттері: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету. Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?»	көрсетілгендей, бірақ бұл жерде мазмұнды суреттер қосылады. Балалар 2-ден болатын заттарды әртістерге таратады. Барлығына жеткендігі тексеріледі, цифрды атайды және көрсетеді. - Қандай заттар бір-бірден қалды? (1цифрын көрсету, атау). . 2.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Сөздік ойын "Қар қандай?" доп арқылы Тәрбиеші допты лақтырып қарға байланысты сөздер айтқызады, қар туралы. Балалар допты ұстап алып айтады, балалардың жауабы: әдемі, үлпілдек, ақ, суық керемет, мамық, жылтыр, тамаша, жабысқақ, дымқыл 3. Сауат ашу	жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, күз айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. - Бүгін жыл атасы бізбен күз туралы әңгімелескісі келеді. Ол бізге сары карточка әкеліпті. - Не үшін сары карточка әкелді? Әрбір карточкада керекті санды қоюға арналған күз айларына сәйкес келетін тор көз бар. Тәрбиеші айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынға қояды. Одан кейін тәрбиеші цифрды атайды, ал балалар айды атайды. 2.Қазақ тілі Міндеттері: Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс	Осы цифрды ата және көрсет. Басқа аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі. - Ал аю нені жақсы көреді? Әрине, балды. - Жолақтары бар карточканы алыңдар. Солдан оңға қарай жоғарғы жолақты, содан кейін төменгі жолақты саусақтарыңмен жүргізіңдер. - Енді жоғарғы жолақтың сол жағына бір аюды қой. Тәрбиеші бірнеше баладан неше аюдан қойғандарын сұрайды. - Төменгі жолаққа сол жақтан оңға қарай балы бар көп бөшкелерді қойыңдар (фишкалар). Тәрбиеші бірнеше баладан жекелей сұрайды: - Қонжықтар нешеу? 2.Қазақ тілі
--	---	--	--	--	--

	3.Сурет Міндеттері: Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу«Үй құрылысының ретін көрсет» Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды және суретін салуды ұсыну.	Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Педагог: Балалар, сендер дүкенге барғанда әртүрлі заттарды, жаңа айтқан жемістер мен көгөністерді көресіңдер. Сол заттарды сатып алуға болады. Ал сатып ала алмайтын заттар да бар екен. 3.Қоршаған ортаны тану Міндеттері: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран«Жыл мезгілдері» Мақсаты:Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,ж	Міндеттері: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны» Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру. Құралдар: Таспаға жазылған құстардың дауыстары (торғай, сауысқан, тоқылдақ, көгершін,) Шарты: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды. 4.Дене шынықтыру Міндеттері: Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру.	айту. “Топтай біл” ойыны. Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтай білуге, олардың не үшін қажеттілігін ажыратуға, қатесіз айтуға дағдыландырады. Мәселен: сәбіз, қияр, алма, түйе, жылқы, жүзім, картоп т.б. сөздер беріледі. Оқушылар бұл сөздерді топтап айтаы: Сәбіз, қияр, картоп-көкөністер. 3.Көркем әдебиет Міндеттері: Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажыратуды үйрету. «Шыңжырға	Міндеттері: Не? Нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.. “Суреттерді есіңе сақтап ал”. Бұл ойын үшін алдын ала 10-12 сурет дайындау қажет. Әр суретте бір заттың суреті болу керек. Ойынды бірнеше балалардың арасындағы жарыс түрінде өткізуге немесе баламен өзіңіз жарыссаңыз болады-кім көбірек суретті есіне сақтап қалар екен. Ойыншылар суреттерді 2-3 минут ішінде мұқият қарап шыққан соң, суреттер алып тасталынады. Содан кейін барлығы естеріне сақтап суреттерді атай бастайды. Кезекпен бір
--	---	--	--	--	--

	4.Дене шынықтыру Міндеттері: Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар	аз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары. Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр б өлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады. (мысалы:қыс мезгілін е қар,шырша,аққалат .б.) 4.Дене шынықтыру Міндеттері: Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың	«Тастар» (орыс халқының ойыны) «Өкшемен отырып» бастапқы қалпы бойынша ұсақ заттарды (тастарды) лақтыру, жоғары лақтыру. Өкшемен отырып, ұсақ тастарды жоғары лақтырып, оны алақандарымен қағып алады. Ал келесі лақтырғанда алақандарын теріс қойып, тастарды қағып алуға тырысады	ертегілерді жинайық» Мақсаты: Ауызекі сөйлеу және есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты:Балаларға таныс ертегі үзінділері оқылады, балалар қандай ертегілер және неше ертегі жинағы тізілгенің айтады. Мысалы:"Ата мен әже өмір сүріпті, оларда шұбар тауық болыпты. Бір күні шұбар тауық жұмыртқа беріпті. Әже оны әйнек үстіне суысын деп қойыпты. Ал ата шалқанды тартуға кетіпті. Тартады, тартады, тарталмайды". ("Шұбар тауық", "Бауырсақ", "Шалқан"). Ертегіні үш сөзден тауып ал: 1) Қатық, құйрық, сиыр. ("Мақтақыз бен мысық") 2) Ешкі, лақтарым,	суреттен атауға болады. Соңына басқалары әлі атамаған суретті кім атаса, сол жеңіп шыққан болып саналады. 3.Қоршаған ортаны тану Міндеттері: Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. "Бір-бірінің айтқанын қайталау" Бұл ойынды бір немесе бірнеше баламен ойнауға болады. Бірінші ойыншы кез-келген сөзді айтады, екіншісі соны қайталайды да, оған өзінің ойындағы бір сөзді қосып айтады. Сөйтіп, әр ойыншы естіген сөздерді қайталап, оған өз сөзін қоса береді. Қателескен ойыншы ойыннан
--	--	---	---	--	--

	орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады	арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. «Қазақстан жануарлары» ойын-жаттығуы – (музыка әуеніне сай әртүрлі жануарлардың жүрісін салады). Тізбекте бір-бірден тұрып, аңдардың жүрісін, жүгірісін салып жүреді, жүгіреді, түрлі тапсырмаларды орындайды. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады		шырақтарым, қасқыр ("Қасқыр мен жеті лақ") 4.Музыка Міндеттері: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; «Музыкалық сағат» Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат. Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша»,	шығады. 4.Музыка Міндеттері: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; «Тыңда да таны», ойыны Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды. Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін, белгілі бір
--	--	---	--	--	--

				«Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады.	қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап, музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек.
Серуенге дайындық	Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу				
Серуендеу	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау.	Серуендеу	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау.	Серуендеу	Ауа райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау.
Балалардың дербес әрекеті	«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу. Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады. Артикулыциялық жаттығулар: Балықтар Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді, Үп-үлкен ағаш жағада жатты, Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді, Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,				

	Ал төртіншісі тоңа бастады, Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп айғайлады, -Жүзіндер мына жерден, Әйтпесе жұтып қояды!
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлемдерді интонация бойынша ажырата отырып (хабарлы,сұраулы, лепті), сөйлеу барысында қолдану
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.

Тексерілді:

